

## Алматы қаласының аса мұқтажды азаматтарына бір жолдық материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 1/257 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 мамырда N 529 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы N 4/1119 қаулысымен

**Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 27.12.2013 N 4/1119 қаулысымен.**

Аса мұқтажды азаматтарға бір жолдық материалдық көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жетілдіру және бюджеттік қаражатты үнемді пайдалану мақсатында , сонымен қатар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жергілікті басқару туралы" Заңының 37-ші бабына сәйкес, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алматы қаласында тұратын аса мұқтажды азаматтарға бір жолдық материалдық көмек көрсету тәртібі туралы" Қағида бекітілсін.<\*>

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.**

2. Қалалық қаржы басқармасы (Қ.Қ.Тәжібаев) бұл мақсаттарға Алматы қаласының бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде бір жолдық материалдық көмек көрсетуге жұмсалатын шығындардың қаржылауын уақытында жүргізісін.

3. Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті (А.Ж.Нұрланов):

1) осы қаулының Алматы қалалық Әділет Басқармасында заңмен белгіленген тәртіпте тіркеуге алынуын қамтамасыз етсін;

2) Қағидамен бекітілген Алматы қаласының аса мұқтажды азаматтарына бір жолдық материалдық көмектің көрсетілуін қамтамасыз етсін;

3) бір жолдық материалдық көмек көрсетуге бөлінген бюджеттік қаражаттың жұмсалуына бақылау жасасын.

4. Алматы қаласы әкімінің 2000 жылы 24 наурыздағы N 301 (Алматы қалалық Әділет басқармасында 21.04.2000 жылы N 114 тіркелген, 2000 жылы сәуір айында "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарыққа шыққан) "Алматы қаласының аса мұқтажды азаматтарына бір жолдық материалдық көмек көрсету туралы" шешімінің күші жойылған деп танылсын.<\*>

>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары  
А. Қ. Бижановқа жүктелсін.

А л м а т ы      қ а л а с ы н ы ң      Ә к і м і

Әкімшілік хатшысы

А л м а т ы                      қ а л а с ы                      Ә к і м ш і л і г і н і ң  
2003              жы лы              23              с ә у і р д е г і              N              1 / 2 5 7  
қаулысымен бекітілген

**Алматы қаласында тұратын аса мұқтажды  
азаматтарға бір жолдық материалдық  
көмек көрсету тәртібі туралы  
Қағида <\*>**

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.

## **1. Жалпы ереже**

1. Бір жолдық материалдық көмек тұрмыстың ауыртпашылығын шеккен (өрт, су тасқыны, табиғат апаты, аурудың аса ауыр түрлері, тұрмыс деңгейінің төмендігі және тағы басқалары) Алматы қаласында тұратын аса мұқтажды тұрмыс жағдайы төмен Қазақстан Республикасының азаматтарына және о р а л м а н д а р ғ а                      к ө р с е т і л е д і .

2. Бір жолдық материалдық көмек әрбір адамға жылына бір-ақ рет көрсетіледі .

## **2. Қаржылау көзі**

3. Бір жолдық материалдық көмек көрсету қаражаты Алматы Қаласының бюджетінде                      қ а р а с т ы р ы л а д ы .

## **3. Бір жолдық материалдық көмек көрсету тәртібі**

4. Бір жолдық материалдық көмек көрсету азаматтың белгіленген үлгіде ( қосымша N 1) берілген жазбаша өтінішінің негізінде жүргізіледі. Кейбір жағдайларда өтінішке дәрігерлік мекемеден емделудің қажеттігі туралы анықтама (стационарға жолдама), өрт, апат, қайғылы оқиға туралы актілері және басқа да құжаттар қосымша берілуі тиіс.

5. Өтініш беруші, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, өтініште көрсетілген мәліметтердің толық және рас болуына жауапты болып т а б ы л а д ы .

6. Материалдық көмек көрсету жөніндегі өтініш қажетті құжаттарымен қоса тұрғылықты жердегі аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығына беріледі. Ұсынылған құжаттардың негізінде тұрғылықты жеріне барып өтініш берушінің материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі құрастырылады (қосымша N 2). Аталған акт Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментіне (әрі қарай - Департамент) бір жолдық материалдық көмек көрсету туралы мәселесін шешуге ұсынылады. Кейбір жағдайларда аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығы (зейнеткерлерге әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі аумақтық орталық) ұсынылған құжаттарға тексеру жүргізуі мүмкін.

7. Департаментпен бір жолдық материалдық көмек көрсету, Алматы қаласының бюджетінде бұл көмектің түріне қарастырылған қаражат шегінде жү р г і з і л е д і .

8. Өтінішті қарау нәтижесі түскен күнінен бір айлық мерзімінен кешіктірмей өтініш и е с і н е х а б а р л а н а д ы .

#### **4. Бір жолдық материалдық көмектің мөлшері**

9. Бір жолдық материалдық көмек Департамент бастығының бұйрығымен материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру актісіне сүйене отырып айлық бес есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

#### **5. Бір жолдық материалдық көмек төлемі**

10. Материалдық көмек төлемі "Қазақстан Халық жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы арқылы өтініш берушілердің дербес шоттарына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүргізіледі.

## 6. Қаржылау тәртібі

11. Департамент Қалалық қаржы басқармасына, бекітілген кестеге сәйкес, қаржылауға тапсырысты және материалдық көмекті алушылардың тізімін ұ с ы н а д ы .

12. Қалалық қаржы басқармасымен несиелеуді ашу ұсынылған мәліметтерді тексергеннен кейін кесте бойынша жүргізіледі.

### Әкімшілік хатшысы

" Алматы қаласында тұратын  
аса мұқтажды азаматтарға  
бір жолдық материалдық көмек  
көрсету туралы" Қағидасына  
N 1 қосымша <\*>

Ескерту. 1 қосымша өзгерді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.

\_\_\_\_\_ аудандық еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
орталығының бастығы

\_\_\_\_\_ өтініш берушінің аты-жөні

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ауданы

тел \_\_\_\_\_ СТН \_\_\_\_\_

Жеке басы куәлігінің N \_\_\_\_\_

зейнетақылық куәлік \_\_\_\_\_

Халық Банкінің филиалы \_\_\_\_\_

дербес шотының N \_\_\_\_\_

### ӨТІНІШ

Сіздің маған (менің отбасыма) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

байланысты бір жолдық материалдық көмек

көрсетуіңізді сұраймын.

Отбасым \_\_\_\_\_ адамнан тұрады.

Мынадай табысым бар:

1. зейнетақы (жәрдемақы) \_\_\_\_\_ теңге
2. арнайы мемлекеттік жәрдемақы \_\_\_\_\_ теңге
3. арнайы қалалық жәрдемақы \_\_\_\_\_ теңге
4. жалақы \_\_\_\_\_ теңге
5. басқа табыс \_\_\_\_\_ теңге

Өтінішке қосымша: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тапсырамын.

Жалған ақпарат пен күмәнді (жасанды) құжаттарды ұсынғаным үшін жауапқа тартылатыным туралы ескерту ж а с а л д ы .

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_  
дата \_\_\_\_\_ өтініш берушінің қолы

" Алматы қаласында тұратын  
аса мұқтажды азаматтарға  
бір жолдық материалдық көмек  
көрсету туралы" Қағидасына  
N 2 қосымша

Ескерту. 2 қосымша өзгерді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.

## **Азаматтың материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру АКТИСІ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы

Аты-жөні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мекен жайы, телефон, аудан)

\_\_\_\_\_ туған жылы, жеке бас куәлігінің (ораламандарға -  
мәртебесін растайтын құжат)

\_\_\_\_\_ зейнетақы кітапшасының N

\_\_\_\_\_

мүгедектік тобы; санаты: жеткен жасы бойынша,  
мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылған  
жағдайы бойынша зейнетақы жәрдемақы алушы, Ұлы Отан  
соғысының мүгедегі, көп балалы ана және т.б.

\_\_\_\_\_

банк филиалы \_\_\_\_\_ дербес шоты \_\_\_\_\_ СНТ  
Арыз берушінің өтініші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

( м ұ қ т а ж д ы ғ ы )

Зейнетақы жәрдемақы мөлшері теңге  
Арнайы мемлекеттік қалалық жәрдемақы мөлшері теңге  
Б а р л ы ғ ы т е ң г е  
О т б а с ы н ы ң қ ұ р а м ы а д а м  
Бірге тұратындар \_\_\_\_\_  
(туыстық қатысы, аты-жөні, туған

\_\_\_\_\_

ж ы л ы , т а б ы с ы )

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері теңге  
Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек мөлшері теңге  
Отбасының жиынтық табысы теңге  
Жан басына шаққандағы орташа теңге  
А з а м а т т ы ң т ұ р м ы с  
жағдайы \_\_\_\_\_

Бөлме саны, жалпы тұрғын көлемі  
Суды есептеуіш құралдары \_\_\_\_\_

Отын түрі \_\_\_\_\_

Коммуналдық қызмет төлемдерінің сомасы \_\_\_\_\_

Коммуналдық қызмет қарыздарының бар-жоқтығы \_\_\_\_\_

Жұмыспен қамту орталығының мәліметтері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Материалдық көмек алуға \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(мұқтаждығы немесе мұқтаж еместігі)

Аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

орталығының бастығы \_\_\_\_\_  
қ о л ы А т ы - ж ө н і  
Зейнеткерлерге қызмет көрсету жөніндегі аумақтық  
Орталығының директоры \_\_\_\_\_  
қ о л ы А т ы - ж ө н і  
Әлеуметтік жұмыс жөніндегі жұмыскер \_\_\_\_\_  
қ о л ы А т ы - ж ө н і

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК